



QAZAQ UNIVERSITETI



Апталық
1948 жылдың
20 сәуірінен
шыға бастады

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ

WWW.FARABI.UNIVERSITY

№1 (1959) 20 ҚАҢТАР 2025 ЖЫЛ

Халықаралық рейтингтерде көрсеткішті арттыру көзделді



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жылды жаңа жобалармен бастады. Соның бірі – халықаралық рейтингте көрсеткіштерді жақсарту. Университет әлемдік QS WUR 2025 рейтингінде 163-орынға көтерілді.

Халықаралық рейтингінде Top 401-600 орынға, QS Asia University Rankings халықаралық рейтингінде 29-орынға ие болды.

Білім ордасы бұл межеде тоқтап қалмай, университеттік ғылымды дамытуда, заман талабына сай білім сапасын арттыруда жүйелі жұмыстарды атқара бермек. Осы орайда, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев ұжымның жаңа міндеттерін белгілеп, беделді халықаралық рейтингтердегі университет көрсеткіштерін арттыру бойынша нақты тапсырмалар берді.

Атап айтқанда QS әлем университеттері рейтингінде, QS-тің аймақтық, тұрақтылық және пәндік рейтинг-

терінде көрсеткіштерді жақсарту бағытында ауқымды жұмыстар іске асырылу керектігі айтылды. Осыған орай проректорлар, факультет декандары, кафедра меңгерушілері мен құрылымдық бөлімше басшылары аталған рейтингтердің әдістемесін зерттеп-зерделеуге тиіс. Әр рейтингке жеке жоспар жасалуы қажет, онда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың баяндамаларында, жолдауда айтылған тапсырмалар қамтылуы тиіс. Ректор тапсырмасы бойынша тиісті шаралар қабылданып, орындалуы міндеттелді.

Гүлзат
НҰРМОЛДАҚЫЗЫ



Оқу инфрақұрылымы жаңартылуда

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде оқу инфрақұрылымын жаңғырту бойынша жұмыстар жалғасуда. Факультеттерге жаңа үстелдер мен кітап сөрелері қойылды.



Бұл жұмыстар Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Қансейітұлы Түймебаевтың тапсырмасымен оқу инфрақұрылымын жаңғырту жөніндегі ауқымды бағдарлама шеңберінде іске асырылуда.

Жоба аясында 16 факультеттің оқу ғимараттары жаңартылды. Онда жайлылық пен функционалдылықтың барлық талаптарына жауап беретін заманауи жиһаз орнатылуда.

Жалғасы 8-бетте

Аяулым – Универсиада жүлдегері

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ докторанты Аяулым Әміренова Туринде өтіп жатқан XXXII Дүниежүзілік қысқы Универсиада ойындарының күміс медалін жеңіп алды.



мыз – медицина және денсаулық сақтау факультетінің 1-курс докторанты, фристайл бойынша ұлттық құраманың мүшесі.

Аяулым Әміренованың қор-

жынында 2017 жылғы Еуропа кубогының кезеңдерінен бастап алтын, күміс және қола медальдар бар.

Сонымен қатар Пхёнчхан (2018) және Бейжің (2022) олимпиада ойындарында Қазақстанның атынан қатысып, жоғары нәтижелер көрсеткен.

Жас спортшымызды кезекті жеңісімен құттықтаймыз!

Айнұр АҚЫНБАЕВА



3-бет
«Журналистика – ұлттық идеологияның жаршысы»



4-бет
Шәкірттерінің құрметіне бөленген ұстаз



5-бет
Ирантанушы халықаралық сыйлық иегері атанды



Жаңа үлгідегі арнайы киімдермен қамтамасыз етілді

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаевтың тапсырмасымен университеттің ішкі бақылау қызметкерлері жаңа үлгідегі арнайы киімдермен қамтамасыз етілді. Арнайы қызметтік киім қызметкерлердің кәсіби имиджін арттырып қана қоймай, олардың жұмыс барысында ыңғайлы әрі қауіпсіз болуына ықпал етеді.



Жаңа үлгідегі киімдер қатарында қыстық бушлат-шалбар, тоқылған баскиім, қыстық аяқкиім және жылы мезгілге арналған жаздық костюм-шалбар мен баскиім және футболкалар бар. Жалпы саны 507-ні құрайтын жаңа үлгідегі киімдер сапалы әрі түрлі ауа райы жағдайларына төзімді заманауи материалдардан жасалған.

Қызметкерлердің күнделікті жұмысын жеңілдететін арнайы киімдер ерекше үлгіде тігілген. Киім үлгісінде бақылау қызметкерін оңай тануға мүмкіндік беретін фирмалық түстер мен логотиптер пайдаланылған. Бұл қауіпсіздік саласындағы қызмет көрсету сапасын арттыруға, сондай-ақ қызметкерлердің жұмысқа деген ынтасын күшейтуге бағытталған.

Жүмыс барысында ыңғайлы әрі қауіпсіз болуына ықпал етеді.

Жүмыс барысында ыңғайлы әрі қауіпсіз болуына ықпал етеді.

Айнұр АҚЫНБАЕВА



Жандаев оқулары аясында жаңа аудитория ашылды

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Картография және геоинформатика кафедрасының 50 жылдығына орай, XI Жандаев оқуларының халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы өтті.



«Қазіргі геодинамика мен экологиялық геоморфологияның теориялық негіздері мен қолданбалы аспектілері – М.Жандаев ілімінің мұрасы ретінде» атты конференция қазіргі заманның маңызды тақырыбы – геодинамика және экологиялық геоморфология, сондай-ақ көрнекті ғалым, профессор Мұқатай Жандаевтың мұрасына арналды.



Конференцияға ҚХР ҒА Шыңжаң экология және география институты, Жер туралы ғылымдар институты, Гренобль-Альпы университеті (Франция), Цукуба университетінің Жаратылыстану және қоршаған орта туралы ғылымдар мектебі (Жапония), Қырғыз мемлекеттік техникалық университетінің Австрия-Орталық Азия Геоинформатика орталығы сияқты шетелдік серіктес университеттердің ға-

лымдары, сонымен қатар жаратылыстану ғылымдары саласындағы жетекші отандық ұйымдардың өкілдері қатысты. Конференция аясында география ғылымының кандидаты, доцент Лариса Веселова атындағы аудиторияның ашылуы өтті. Аудиторияның ашылуына Л.К.Веселованың әріптестері мен шәкірттері қатысты.

Конференцияға қатысушылар геоақпараттық жүйелер және жасанды интеллект сияқты заманауи технологияларды географиялық және экологиялық зерттеулерге біріктірудің маңыздылығын атап өтті.

М.Жандаев пен оның шәкірттерінің география, геоинформатика және экология саласындағы зерттеулеріне арналған ғылыми конференция ғылыми қоғамдастық үшін маңызды оқиға болды. Ғалымдар өз жұмыстарына қатысты өзекті мәселелерді талқылап, олардың осы пәндердің дамуына қосқан үлесінің маңыздылығын атап өтті.

Гүл БАЯНДИНА

ҚазҰУ журналы ғылыми басылымдар тізіміне енді

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың «Journal of Problems in Computer Science and Information Technologies» журналы ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынатын ғылыми басылымдар тізіміне енді. Аталған тізімге білім ордасының бұған дейін 21 ғылыми журналы қосылған болатын.

Журнал 2023 жылдың қыркүйек айында тізімге енуге өтінім берген. Тәуелсіз сараптамалық бағалау нәтижелері бойынша журнал халықаралық талаптарға сәйкес деп танылды және ғылыми қызметтің негізгі нәтижелерін жариялау үшін комитет ұсынған басылымдар тізіміне енгізілді.



«Journal of Problems in Computer Science and Information Technologies» журналы 2023 жылы ашылған. Журнал зерттеушілермен ғалымдарға компьютерлік ғылымдар мен ақпараттық технологиялардың әртүрлі салаларындағы соңғы өзгерістер мен түпнұсқа нәтижелерін бөлісуге мүмкіндік беретін мақалаларды жариялайды.

Журналдың негізгі мақсаты – авторлардың ғылыми жұмыстарының негізгі нәтижелерін сапалы және уақтылы жариялай отырып, ғылыми үйлестірудің халықаралық және аймақаралық функцияларын қамтамасыз ету.

«Journal of Problems in Computer Science and Information Technologies» журналының редакциялық алқасын құттықтаймыз! Бұл университет ғылымының дамуына және ғылыми бағыттың жаңа перспективаларын ашатын маңызды үлес.

Гүл ҚҰТТЫБЕКҚЫЗЫ

Сиань университетінде тағылымдамадан өтеді



ҚазҰУ-дың биология және биотехнология факультетінің 1-курс докторанты Дамир Нүсіпов Сиань ғылым және технологиялар университетіне бір жылдық ғылыми тағылымдамаға қабылданды.

Бұдан бұрын екі университет арасында жасалған келесімшарт негізінде жас ғалымның жетекшілері бекітілді. Олар: ҚазҰУ-лық PhD Қуаныш Тастамбек және Сиань университетінің профессоры Liu Xiangrong.

Айта кетерлігі, бытыр Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев бастаған делегация ҚХР білім вице-министрінің шақыртуымен арнайы Қазақстан мен Қытай университеттерінің халықаралық ғылыми симпозиумына қатысты. Халықаралық шара барысында ҚазҰУ-дың ең үздік 40 ғылыми-инновациялық жобасы көрмеде таныстырылды.

Жасалған келісімдер нәтижесінде Сиань ғылым және технологиялар университетінің «Көмір биотрансформациясы» зертханасының меңгерушісі, профессор Лю Сянжун ханымының шақыртуымен ҚазҰУ-дың биология және биотехнология факультетінің 1-курс докторанты Дамир Нүсіпов өзінің «Көмірдің биологиялық модификациясы: процесс және өнімде» атты докторлық диссертациясы аясында ғылыми тағылымдамадан өтті. Қазақстан Республикасының жас ғалымы Сиань ғылым және технологиялар университетінде алғаш рет ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізді.

Айнұр АҚЫНБАЕВА

Намазалы Омашев 1950 жылдың 19 қаңтарында Жамбыл облысы Меркі ауданының Ойтал ауылында дүниеге келген. Филология ғылымының докторы, профессор, Қазақстан жоғары мектебі Ұлттық ғылым академиясының академигі, Қазақстан журналистикасы академиясының академигі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, ҚР Президентінің бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы сыйлығының лауреаты. Намазалы Омашұлымен 75 жылдық мерейтойы қарсаңында кездесіп, сұхбаттасқан едік.

– Намазалы Омашұлы, сіз 90 жылдық тарихы бар Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде ұзақ жыл еселі еңбек еттіңіз. Биыл мерейлі белесіңіз, оның елу жылын ұстаздық етіп, шәкірт тәрбиелеумен өткердіңіз, осы қабырғада жүріп алғаш университет есігін ашқан сәтті, ұмытылмас студенттік шақты жиі еске алатын шығарсыз...

– 1969 жылы мектепті бітіріп, алғаш ҚазМУ-дың табалдырығынан имене аттадық. Иә, содан бері, міне, 56 жыл өтіпті. Оның бес жылы студенттік шақ, одан кейінгі 50 жыл ұстаздық ғұмырым университетте өтті. Қазір көпшілікке танымал болған қаламгерлер: Жүрсін Ерман, Несіпбек Айтөв, Дәуітәлі Стамбеков, Асқар Егеубаев, Бақытжан Майтанов, Тұрсын Жұртбай, Жанболат Аупбаев сияқты талапкерлер республиканың түкпір-түкпірінен келіп, сол кездегі еліміздегі жалғыз журналистика факультетіне оқуға түстік. Жарыса оқыдық, мықты ұстаздардан білім алдық. Журналистика факультеті ол кезде Киров кешесі, Бас почтамптың қасында, қазір Өнер академиясы отырған ғимараттағы ҚазМУ-дың ескі корпусында, мәжіліс залымен қабырғалас бұрышта орналасқан. Сол факультет бүгінде ҚазҰУ-мен қатар торқалы 90-ға келіп жатыр. Алғаш 1934 жылы Коммунистік журналистика институты (КИЖ) болып ашылған оқу орны идеологиялық бағытта жұмыс жасайтын газет-журналдар үшін тілшілер даярлайтын. Қазақтың белгілі ақыны Дихан Әбілев бір естелігінде дипломдық емтихан тапсырғанда комиссия төрағасы Сәкен Сейфуллин болғанын еске алады. Яғни қазақ журналистикасының басында ұлт қамын ойлаған осындай Алаш арыстары болғаны мақтаныш. КИЖ 1941 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің құрамына кірді. 1966 жылы өз алдына жеке факультет болды.

Елу жылда – ел жаңа. Бүгінде университетіміз дамыған елдердің ең мақтаулы деген оқу орындарынан бірде-бір кем емес. Көптеген шетелдік атышулы университеттерде болдым. Олардың тәжірибелерімен, жетістіктерімен жақсы таныстым. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті солардың қатарында бірге дамып келеді. Бүгінде университетіміз шетелдерде филиалдары бар әлемдегі танымал Орталық Азиядағы алдыңғы қатардағы оқу орны. Шынын айту керек, Жансейіт Түймебаев ректор болып келгелі ҚазҰУ құрылысының екінші кезеңі басталды және университеттің екінші тынысы ашылды. Әсіресе біздің журналистика факультетіне көзқарасы алабөтен, қаламгерлер

қауымы дән риза шығар деп ойлаймын.

– Журналистика факультетінде кафедра меңгерушісі, декан болдыңыз, сол жылдары факультетте қандай жағымды өзгерістер болды?

ҚазҰУ мен ЮНЕСКО арасында шарт жасасты. Келісімшарт негізінде университетте ЮНЕСКО кафедрасы ашылып, ОРБИКОМ мүшесі ретінде мені кафедра меңгерушісі етіп таға-

Намазалы ОМАСHEB, профессор:

Журналистика — Ұлттық идеологияның жаршысы

– Декан, проректор қызметі үлкен жауапкершілікті талап етеді. Кім болса да, атқаратын қызметіне сай дайындықпен келмей, абыройға серік болуы қиын. Оған менің көзім анық жетті. Университетімізбен түйдей жасты журналистика факультеті де 90-ға толып жатыр. Сол факультетке 1995 жылы декан болып сайландым. Ол бір қиын кезең еді, жатақханаларда жылу түгіл, жарық болмай қалатын кездер де жиі болатын. Аудиториялар жабдықталмаған, қазіргі кезбен мүлде салыстыруға келмейді.

Мен факультетке декан болғанда еліміз енді тәуелсіздік алған қиын жылдар еді. Сондықтан БАҚ-тың қоғамдағы орнын қайта таразылауға, жаңа оқу жоспарын жасауға тура келді. Ол үшін дамыған елдердегі журналистика факультеттерінің тарихын зерделеу, журналистика жоғары мектептерінің іс-тәжірибесімен танысу керек болды. Сол себепті шетелдермен байланысқа шықтық. Олардың ғалымдары бізге келіп дәріс оқыды. Ломоносов атындағы ММУ журналистика факультетінің іс-тәжірибесімен таныс едім, солардың көп көмегі тиді. Осылайша тәуелсіз елімізде журналистік білім берудің жаңа стандарттары жасалып, ұлттық мұраттар алға шықты. Тәжірибелі журналистер дәріс оқуға тартылып, ғылыми дәреже беретін арнайы кеңес ашылды. Онда 60-тан аса кандидат диссертация қорғады. 1995 жылы ЮНЕСКО жанындағы бұқаралық коммуникация мен журналистика бойынша дүниежүзілік ОРБИКОМ ұйымына Орталық Азия елдерінен мүше болып қабылдандым. Келесі жылы мамырдың 14-інде сол кездегі ЮНЕСКО-ның бас директоры Фредрико Майордың бірінші орынбасары Аднан Бадран Қазақстанға арнайы ұшып келіп,

Халықаралық гранттар мен ЮНЕСКО қаражаты негізінде факультетте қалаған спутниктерден хабар қабылдай алатын параболическі антенна орнатылды, радиостудия жасалды, фотостудия, телестудия, компьютерлік сынып ашылды. Факультет осылайша оқу үрдісін өркениеттік жолға қою арқылы халықаралық деңгейге көтерілді.

– 2001-08 жылдар аралығында ҚазҰУ-да тәрбие жөніндегі проректор қызметін атқардыңыз. Осы кезең туралы не айтар едіңіз?

– Тәрбиенің түрлері көп, солардың ішіндегі ең бірінші тұрған – рухани тәрбие. Рухани тәрбиені жастардың бойына тереңдетіп енгізбей, идеология туралы сөз қозғаудың қажеті жоқ. Әл-Фарабидің мынандай бір ойлы сөзі бар: «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие керек. Тәрбиесіз алған білім – адамзаттың қас жауы». Проректор болып жүргенде Студенттер сарайынан жастардың рухани орталығын аштық. Жыл сайын «Менің Қазақстаным» фестивалін өткізуді дәстүрге айналдырдық. «Қозы мен Баян» күнін, «ҚазҰУ аруы» байқауын өткіздік. «Біз» деген студенттік театр ашып, нашарлыққа қарсы «Адашпаңдар!» деген спектакль қойылғанда көңілі құлазып, көзіне жас алған жастар болды. «Той» деген спектакльді өзге оқу орындарының студенттері мен ұстаздарына дейін келіп көрді. Наурызы мейрамына орай, Ректорат пен Студенттер сарайы алдында және стадионда өткен ұлттық нақыштағы театрландырылған көріністерді қала жұртшылығы да қызыға тамашалады.

2004 жылы Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев пен Румыния Президенті Вацлав Клаустың университетке келуіне бай-

ланысты Студенттер сарайында бір жарым мыңнан аса студент пен оқытушылар оң қолдарын жүрек тұсына қойып, алғаш рет Әнұранды фонограммасы ерекше орындағаны қонақтарға ерекше әсер етті. Осыдан кейін «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері туралы» заңына енгізіліп, Әнұранды айтқанда қолды жүрек тұсына қою жалпыға бірдей міндетті саналды.

– Бұрынғы БАҚ пен қазіргі БАҚ-тың хабар тарату айырмашылықтары көп. Заман талабына қарай қазіргі ақпарат құралдары идеологиялық насихаттарды ысырып қойып, тек қана ақпарат тарату көздеріне айналды. Жарты ғасыр бойы журналистика саласына мамандар даярлап жүрсіз, қазіргі студенттер қандай идеологиялық тәрбие алады?

– Қазір ақпараттар ағыны заманы. Дүниеде болып жатқан жаңалықтардан қалыс қалып қоймау үшін жұрт хабарды қысқаша ақпарат түрінде қабылдауды жөн көреді. Өйткені жаңалықтар нөпірін қалдырмай қабылдауға уақыт табыла бермейді. Аудиторияның осындай талабына байланысты бұқаралық ақпарат құралдары жаңалықтарды беру тәсілдерін өзгертіп, бүгінгі заманға бейімдеді. Бұрынғыдай газеттің беттерін толықтай алатын немесе жарты бетке жайылған мақалалардың орнына бүгінде шағыншағын, қысқа ақпараттар түсе бастады. Қазіргі журналистер ақпараттарды ешқандай бұрмаламай, комментарийсіз, суреттемесіз, тек мазмұнын ғана жазып жүр. Бұрынғының авторларындай оқырманға өз ойын тықпаламайды. Өйткені бүгінгі заманның адамдарына орынсыз комментарий берудің қажеті жоқ. Халық өте сауатты.

Тілшіден талап етілетін нәрсе – тек болған оқиғаны сол күйінде жеткізсе болғаны, әрі қарай оқырманның өзі қорытынды шығарып алады.

Журналистика қашанда қоғаммен бірге. Қоғам қалай болса, журналистика да сол төңіректе болады. Соған қарамастан, журналистер өз қызметіне адал, жалпы, әр уақытта жаңалықтың жаршысы болып қалу керек. Әлемде болып жатқан дүниелерден хабары бар, өзгелер қалай тыныс алып жатыр, бізде бұл жағы қалай деген сияқты мәселелерді талдай алуы қажет. Бұл кәсіпті игеру үшін көзі қырағы болмаса, осындай дүниені тереңінен сезбесе, журналист бола алмайды. Кезінде журналистерді даярлауға байланысты да талай әңгіме болды. Біреулер «журналистерді арнайы мамандықпен төрт жыл оқытпай-ақ, тек 3-4 айлық курста оқытып шығаруға болады, қабілетін сәл дамытса болды» деді. Сөйтіп, журналистиканы мамандық емес, машық деп түсіндірді. Ал шынында маман болу бөлек, машықтану бөлек. Журналист – ауқымы кең, терең мамандық. Ондай мамандықты игеріп, өзінің ойын айта алатын маман болу үшін университеттік деңгейдегі білім қажет. Сондықтан журналист мамандығы университеттерде дайындалу керек. «Аз уақытта курстарда оқытып шығара саламыз» деген – өте шалақ ойлайтын адамдардың сөзі.

Журналистиканың негізгі қызметі – билікке түрткі болып, қоғамдық проблемаларды шешуді ұйымдастыру. Өкінішке қарай, біз қазір сондай ықпалды құралдарды елдің тиімділігіне пайдалана алмай отырмыз. Қазіргі БАҚ-тың жұмыс істеу тәсілдері көп өзгерді. Пиар (PR) деген шықты. Адамды болсын, тауарды болсын, жер-көкке сыйғызбай мақтаудың немесе түкке жарамсыз етіп жоқ етудің неше түрлі дамыған тәсілдері қолданысқа түсті. Ақша табу үшін рас-өтірігі белгісіз жарнамалар жариялана бастады. Айталық, эфирді құр жеңіл-желпі әңгімелерге, әртістер, байсымақтардың не киіп, не ішетініне, ұрысқан-таласқанына, қайда барып, қанша ақша тапқанына бағыттап жібердік. Ал негізі бұқаралық ақпарат құралдарының, тіпті дүниежүзі бойынша журналистиканың басты міндеті – бұл алдымен қоғамдық мәселені қозғау, елде болып жатқан жағдайларды талдау, жақсысын жақсы, жаманын жаман деп айту, содан кейін, егер уақыт жетіп жатса, елдің көңілін көтеретін, демалдыратын дүниелер беру еді. Оның үстіне біз сияқты ұлттық, мемлекеттік мәселелері шешімін таппай, ұлттық құндылықтары құлдырап жатқан елде журналистика алдымен соған араласуы керек. Ұлттық идеология осыдан басталады. Алайда қазақ журналистикасы қашанда ұлттық идеологияның жаршысы, насихаттаушысы болып, қоғамымызды әлі де алға сүйрей бері деп сенемін.

– Сеніміңіз ақталсын! Әңгімеңізге рақмет.

Сұхбаттасқан
Қайыржан ТӨРЕЖАН



Шәкірттерінің құрметіне бөленген

ҰСТАЗ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры, тарих ғылымының докторы, профессор Клара Мақашева 70 жасқа келді.



Токсаныншы жылдардың басында Қазақстанда еуропеистика дами бастады. Еуропалық зерттеулерді ҚазМУ-да орналасқан белгілі французтанушы ғалым, т.ғ.д., профессор Жарас Ибрашевтың жалғыз ғылыми мектебі жүргізді. Профессор Ж.Ибрашев өзінің өмірін голлизмді – әйгілі француз генералы Шарль де Голльдің қызметі мен саяси көзқарастарын зерттеуге арнады. Сондықтан оның ғылыми жетекшілігімен жас тарихшы Клара Мақашева тарих факультетін бітіргеннен кейін Жаңа және қазіргі заманғы тарихы және халықаралық қатынастар кафедрасының күндізгі аспирантурасына түсіп, еуропалық интеграцияның саяси идеяларын зерттеуге кіріскені кездейсоқ емес. Олардың зерттеуі француздың ұлы ойшылы Виктор Гюгоның тұлғасы мен бай шығармашылық мұрасына негізделген.

Бұған дейін қазақ тарихнамасында В.Гюгоның қоғамдық-саяси жағына, әсіресе интеграция теориясы мен саяси идеялар тұрғысынан ешкім тоқталған емес. К.Мақашева «Виктор Гюгоның идеялық-саяси көзқарастарының эволюциясы» тақырыбындағы диссертациясын 1993 жылы сәтті қорғады. «Токсан үшінші жыл» Виктор Гюгоның соңғы романы болды, ал Клара Мақашева үшін 1993 жыл үлкен ғылымға жол ашты.

Бүгінде Клара Нәлдібекқызы – Қазақстанда танымал ғалым, тарих ғылымының докторы, ҚазҰУ-да халықаралық қатынастар факультетінің Халықаралық қатынастар және әлемдік экономика кафедрасының профессоры. Француз тілін жетік меңгерген, Франция, Еуропа және осы ұғымдармен байланысты барлық мәселелер туралы білген ол

Ол Алматы педагогикалық шет тілдер институтын үздік бітіріп, «француз тілі мұғалімі» мамандығын алып, оқуын одан әрі жалғастыруды ұйғарды. 1981 жылы Клара Мақашева С.Киров атындағы ҚазМУ-дың тарих факультетіне оқуға түседі, 4-курста профессор Ж.Ибрашев оған «Виктор Гюгоның саяси көзқарастары» атты дипломдық жұмысының тақырыбын ұсынды. 1988-92 жж. тарих факультетінің Жаңа және қазіргі заманғы тарихы және халықаралық қатынастар кафедрасының күндізгі аспирантурасында оқыды. Осы кездері профессор Ж.Ибрашев Қазақстанда бірінші болып жаңа ғылыми бағыт – тарихи-саяси ойды зерттеуге мұрындық болды. 1993 жылы саясаттану ғылымының кандидаты дәрежесін алды.

К.Мақашеваның тарихшы, зерттеуші, ғалым және педагог, профессор ретінде қалыптасуында ұлағатты ұстазымыз Жарас Омарұлы үлкен рөл атқарғанын атап өткен жөн. Ол барлық ғылыми зерттеулердің: дипломдық жұмыстың, кандидаттық және докторлық диссертациялардың тұрақты ғылыми жетекшісі болды. 1996 жылы «Франция және еуропалық интеграцияның

таз-ғалымға «Жалпы тарих» және «Халықаралық қатынастар тарихы» мамандықтары бойынша тарих ғылымының докторы ғылыми дәрежесі берілді. Ал 2009 жылы профессор ғылыми атағы бекітілді.

Клара Мақашеваның ғылыми мүдделері Франция тарихына, еуропалық және әлемдік интеграцияға, Қазақстан Республикасының сыртқы саясатына, халықаралық ұйымдар мен қазіргі саяси процестерді зерттеуге шоғырланған.

К.Мақашеваның белсенді ғылыми және педагогикалық қызметі оның Қазақстан, Франция, Үндістан, Түркия, Ресейдегі шетелдік тағылымдамаларға, халықаралық конгрестерге, симпозиумдарға, конференцияларға, семинарларға қатысуымен кеңейтілді. Ол Гавр (Франция) университетінің шақыртылған профессоры.

Ғылыми қызметпен қатар, ол халықаралық қатынастар факультетінің қоғамдық және оқу өміріне белсенді қатысады. 1998-2002 жж. факультет деканының орынбасары, 1998-2003 жж. «Халықаралық қатынастар және сыртқы саясат тарихы» мамандығы бойынша диссертация қорғау жөніндегі диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы, «ҚазҰУ хабаршысы» ғылыми журналының Халықаралық қатынастар және халықаралық құқық сериясының жауапты хатшысы болды.

2009-11 жж. Аймақтану және әлемдік экономика кафедрасының меңгерушісі болды. Ол PhD диссертацияларын қорғау жөніндегі диссертациялық кеңестің құрамына кіреді. Санкт-Петербург мемлекеттік университетінің диссертациялық кеңесінің мүшесі, факультет пен университеттің Ғылыми кеңесінің мүшесі.

Профессор К.Мақашеваның ғылыми жетекшілігімен жас ғалымдардың жаңа буыны дайындалуда: екі PhD докторлық диссертация, төрт кандидаттық диссертация және 30-дан астам магистрлік диссертация қорғалды.

Ол 200-ден астам ғылыми еңбектерін, оның ішінде жоғары оқу орындары мен орта мектептерге арналған оқулықтар мен оқу құралдарын, мақалалар мен монографиялар жариялады. Клара Мақашеваның еңбектері Франция, Үндістан, Түркия, Тайвань, Ресей елдерінде француз, ағылшын, түрік, орыс және қазақ тілдерінде жарық көрді. Сонымен бірге көлемді әдістемелік жұмысты орындайды.

Ұстазымыздың ғылыми және педагогикалық қызметі жоғары бағаланды. Ол «ҚазҰУ-дың үздік оқытушысы», «Халықаралық қатынастар факультетінің үздік оқытушысы», «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» атанды. Университеттің дамуына қосқан үлесі үшін мерейтойлық медальдармен марапатталды, Ғылым және жоғары білім министрлігінің алғыс хаттары бар. 2020 жылы «Шапағат» медалімен марапатталған.

Жоғары әдептілік, ұжымда жұмыс істей білу, өзіне деген талапшылдық, еріптестеріне деген құрмет оны еріптестері мен студенттердің құрметіне бөлеуде. Клара Нәлдібекқызы – Ермұхамбет, Салтанат, Жәнібек атты үш перзентті, кәсіби мамандарды тәрбиелеп өсірген ардақты ана, өзінің жүрегі мен сүйіспеншілігін арнайтын тамаша немерелері бар бақытты әже.

Жазира ИДРЫШЕВА,

тарих ғылымының кандидаты

Халықаралық қатынастар және әлемдік экономика кафедрасы

Әр жұма күнін ұлттық киімді насихаттауға арнап, түрлі шара өткізу Фараби кітапханасы қызметкерлерінің дәстүріне айналған. Классикалық оқу залының қызметкерлері оқырмандар арасында өткізген «Әжемнің мақал-мәтелдері» атты іс-шараға филология факультетінің «Түркітану» мамандығының 3-курс студенттері қатысты. Шараның мақсаты – ұлттық университет студенттерін адамгершілікке, ойын нақты, дұрыс жеткізуге, тапқыр сөйлеуге үйрету әрі сөз өнері арқылы дүниетанымын кеңейтуге тәрбиелеу.

Мақал-мәтелдің МАЗМҰНЫНА ҚАНЫҚТЫ



Кітапхана қызметкері Халима Толымбек: «Ата салтым – асыл мұрам, ардағым, Бабалардың жалғастыру арманын. Сан ғасырда қалпын бұзбас қадірім, Өткенімді бүгінменен жалғадым» демекші, әрбір халықтың өзіне тән салт-дәстүрлері, әдет-ғұрыптары, халық ауыз әдебиеті, мәдениеті, тәрбиелік ұстанымдары бар», – деп кеш жұмысын бастады.

Гүлмира Темірова студенттерге салт-дәстүр әр ұлттың, халықтың діні мен сеніміне, тұрмыс-тіршілігіне, ұлттық ерекшелігіне сәйкес ғасырлар бойы қалыптасып, өмірдің өзі туғызған ғұрыптардың жиынтығы екенін айтып берді.

Мейіркүл Шомаева мақал-мәтелдер сайысының шарттарымен таныстырды: «Кім көп біледі?», «Мақал – сөздің мейігі», «Кім тапқыр?» деген тақырыптар бойынша қатысушылар мақал-мәтел бәйгесіне белсене қатысты. Одан кейінгі жарысты Жанар Муталипова жүргізді. Шарт бойынша, мақалдың бірінші компоненті оқылады, қатысушы жалғастырады. Мысалы: «Жақсы кісі байқап сөйлер...», «Балапан ұяда не көрсе...», «Өнер – ағып жатқан бұлақ...», «Жақсының аты өлмейді...» т.б. Тағы бір маман сандар жазылған ұяшықтағы мақалды оқыды.

Жеңімпаздарға бағалы сыйлықтарды Ақпараттық қызмет басқарма басшысы Ақмарал Жаманкеева табыстады. Қатысқан студенттер өткен шарадан үлкен әсер алды. Жайылған ұлттық тағамға толы дастарханнан дәм татты. Дәстүр бойынша дастарханға бата жасалды.

Фараби кітапханасында өткізілген шараны кітапхана директоры Жадыра Аркенова қорытындылады. Ол өз сөзінде: «Міне, осы асыл қазынамыз – мақал-мәтелдер бізге ұрпақтан-ұрпаққа сан ғасырлар бойы аманат ретінде ұласып, ұлттық болмысымызды жоғалтпай, өзгелерден ерекшелеп келеді. Біз де өз кезегімізде бұл құндылықтарды қастерлеп, келер ұрпаққа осы күйінде жеткізуіміз керек», – деді.

Гүлжамал ҚОРТАБАЕВА,
ф.ғ.к.

Шынарай БҮРКІТБАЕВА,
PhD, доцент м.а.

Түркітану және тіл теориясы кафедрасы



Қазақстандағы «Франкофондардың» шағын тобына жатады. Отандық ғылымдағы француз бағытының дамуын жалғастыруға жан дүниесі және жүрегімен қолдау көрсетеді.

Клара Мақашева мектеп қабырғасында жүргенде-ақ француз тілінің көркемдігіне тәнті болып, Түркістандағы Некрасов атындағы орта мектепті бітіргеннен кейін шет тілдерін меңгеруді армандады. Әсіресе француз тілін, әдебиетін одан әрі оқуға кірісті. 1971 жылы мектепті бітірген соң, арманы орындалып, Алматы шет тілдер педагогикалық институтының француз тілі факультетінің студенті атанды. 70-жылдары Алматы педагогикалық шет тілдер институтында Алматыға келген француз мұғалімдері де сабақ берді. Мұның өзі сол кезең үшін және студенттердің ана тілінде сөйлейтіндерден үйренуі үшін маңызды бол-

саяси-дипломатиялық тарихы» докторлық диссертациясының тақырыбы бекітілді. Ғылыми ізденістер мен зерттеулердің жаңа кезеңі басталады. Ол Мәскеу, Ленинград, Париж, Ренн, Страсбург қалаларының кітапханалары мен мұрағаттарында жұмыс істеді. Француз тілін білуі ірі француз ғалымдарының, саясаткерлерінің, қоғам қайраткерлерінің жұмыстарын зерттеуге, ғылыми байланыстар орнатуға және француз ғалымдарымен байланыс жасауға, еуропалық интеграция мәселелері бойынша көрнекті француз мамандарынан кеңес алуға көмектесті.

2005 жылы докторлық диссертация бірден екі мамандық бойынша – «Жалпы тарих» және «Халықаралық қатынастар және сыртқы саясат тарихы» бойынша ҚазҰУ жанындағы диссертациялық кеңесте сәтті қорғалды. 2006 жылы ұс-

Ирантанушы халықаралық сыйлық иегері атанды

Гуманитарлық және исламдық зерттеулер бойынша Фараби атындағы халықаралық сыйлық (FIA) жыл сайын Иран Ислам Республикасының Ғылым, зерттеулер және технологиялар министрлігі, Иранның Ұлттық элиталық қоры және ИИР Мәдени зерттеулер институтымен бірлесе ұйымдастырылады. Аталған сыйлықты берудің мақсаты – ирантану, исламтану және дінтану бағыттары бойынша зерттеуші ғалымдарды және олардың еңбектерін, зерттеу жобаларын, сондай-ақ зерттеу барысындағы инновациялық тәсілдерін бағалау.



дағы Қазақ ұлттық университеті шығыстану факультетінің «Парсы тілі маманы және аудармашысы» мамандығы бойынша бакалавр деңгейін алған Ғалия Әмзекызы ирантану бағыты бойынша білімін жалғастыру мақсатында 1997-2000 жж. Иран Ислам Республикасы Тегеран университетінің гуманитарлық ғылымдар және әдебиет факультетінде «Парсы тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша магистрлік, 2000-03 жж. аталған университеттің гуманитарлық ғылымдар және әдебиет факультетінде «Парсы тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша PhD докторлығын сәтті қорғады.

Иран жерінде білімін шыңдап келген жас зерттеуші еңбек жолын 2004 жылы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитеті Р.Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының Орта және Таяу Шығыс елдері бөлімінде ғылыми қызметкерліктен бастады. 2012 жылдан бері ұстаздық қызметін ҚазҰУ-дың шығыстану факультетіндегі Таяу Шығыс және Оңтүстік Азия кафедрасында жалғастырып келеді.

Орта ғасырлардағы Орталық Азия, Иран және Үндістан арасындағы тарихи, дипломатиялық, мәдени және әдеби қарым-қатынастар аясын қамтыған ғалымның зерттеу жұмыстарының нәтижелері кітап, жинақ және мақала түрінде қазақ, орыс, ағылшын және парсы тілдерінде отандық және шетелдік басылымдарда жарық көрген.

